

К.К. Садирова , А.М. Дуйсмаганбетова* 

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
*e-mail: muratovna.2025@gmail.com

ОНЛАЙН ДИСКУРСТАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛДІ ЖАСТАРДЫҢ ТІЛДІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ (Threads әлеуметтік желісі материалдарының негізінде)

Мақалада Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді жастардың тілдік мінез-құлқы психолінгвистикалық және прагматикалық тұрғыдан кешенді түрде талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – жастардың онлайн-дискурста эмоцияны, бағалауды және коммуникативтік ниетті қандай тілдік құралдар арқылы білдіретінін анықтау. Зерттеу материалы ретінде 20–35 жас аралығындағы пайдаланушылардың ашық жарияланған 94 пікірі іріктеліп, олардың ішінен мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан репрезентативті 10 пікір терең сапалық талдауға алынды. Сапалық талдау негізінде психолінгвистикалық талдау ішкі сөйлеудің көріністерін, экспрессивтілік деңгейін және когнитивтік механизмдерді анықтауға бағытталса, прагматикалық талдау жазбалардың коммуникативтік мақсатын, адресатқа бағдарлануын және эмоциялық стратегияларын сипаттауға негізделді. Сонымен қатар пікірлердегі авторлық позиция, бағалауыш бірліктер мен дискурстық маркерлердің қызметі де қарастырылды. Зерттеу нәтижелері жастардың онлайн-коммуникациясында бейәдеби лексиканың, код-ауысымның, графикалық құралдардың, эмодзи мен интонацияны білдіретін белгілердің белсенді қолданылатынын көрсетті. Бұл құбылыстар жастардың ішкі ойлау жүйесінің, әлеуметтік позициясының және эмоционалдық күйінің тілдік формада тікелей көрініс табатынын дәлелдейді. Мақала қазіргі цифрлық ортадағы жастардың тілдік мінез-құлқын тереңірек түсіндіруге және психолінгвистикалық, прагматикалық зерттеулер қорын толықтыруға ғылыми үлес қосады.

Зерттеу нәтижелері онлайн-дискурстағы экспрессивті құралдардың жүйесін жас ерекшелік факторымен, платформалық коммуникация талаптарымен және аудиториялық күтімдермен байланыстыра түсіндіруге мүмкіндік береді. Алынған тұжырымдар әлеуметтік желідегі қазақ тілді контентті прагматикалық тұрғыдан модельдеуге, сондай-ақ цифрлық дискурстағы тілдік нормалану мен өзгеріс үдерістерін сипаттауға негіз бола алады.

Түйін сөздер: психолінгвистика, тілдік мінез-құлқы, онлайн-дискурс, жастар тілі, эмоциялық экспрессия.

K.K. Sadirova, A.M. Duismaganbetova*

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan
*e-mail: muratovna.2025@gmail.com

Linguistic Behavior of Kazakh-Speaking Youth in Online Discourse (Based on Materials from the Social Network Threads)

This article examines the linguistic behavior of Kazakh-speaking youth on the social media platform Threads from psycholinguistic and pragmatic perspectives. The main aim of the study is to identify the linguistic means used to express emotions, evaluations, and communicative intentions in online discourse. The research material consists of 94 publicly available comments posted by users aged 20 to 35, of which 10 content- and structurally representative comments were selected for in-depth qualitative analysis. The psycholinguistic approach focuses on manifestations of inner speech, emotional expressiveness, and cognitive mechanisms, while the pragmatic analysis explores communicative strategies, audience orientation, and the purposes of the messages. In addition, the study considers authorial stance, evaluative units, and the functions of discourse markers in the comments. The findings reveal the frequent use of non-standard (non-literary) vocabulary, code-switching, graphic markers, emojis, and punctuation-based cues that convey intonation. These features demonstrate a direct reflection of internal thinking processes, social positioning, and emotional states in linguistic expression. The study contributes to a deeper understanding of youth communication in digital environments and expands the theoretical framework of psycholinguistic and pragmatic research. The results may also be useful for educators, linguists, and psychologists studying online discourse and youth language practices.

The findings make it possible to interpret the system of expressive resources in online discourse in relation to age-related factors, platform-specific communication constraints, and audience expectations.

The conclusions may provide a basis for pragmatic modelling of Kazakh-language social media content and for describing processes of norm formation and language change in digital discourse.

Keywords: psycholinguistics, linguistic behavior, online discourse, youth language, emotional expression.

К.К. Садирова, А.М. Дуйсмаганбетова*

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

*e-mail: muratovna.2025@gmail.com

Языковое поведение казахоязычной молодежи в онлайн-дискурсе (на материале социальной сети Threads)

В статье рассматривается языковое поведение казахоязычной молодежи в социальной сети Threads с позиций психолингвистики и прагматики. Основная цель исследования – определить, какими языковыми средствами в онлайн-дискурсе выражаются эмоции, оценка и коммуникативное намерение. Материал исследования составили 94 публично доступных комментария пользователей в возрасте 20–35 лет, из которых 10 комментариев, репрезентативных по содержанию и структуре, были отобраны для углубленного качественного анализа. В рамках психолингвистического подхода анализ ориентирован на выявление проявлений внутренней речи, уровня экспрессивности и когнитивных механизмов, тогда как прагматический анализ направлен на описание коммуникативных стратегий, адресатной ориентированности и целей сообщений. Кроме того, в комментариях рассматриваются авторская позиция, оценочные единицы и функции дискурсивных маркеров. Результаты показывают активное использование в молодежной онлайн-коммуникации нелитературной лексики, кодового переключения, графических средств, эмодзи и знаков препинания, передающих интонацию. Данные особенности свидетельствуют о том, что внутренние мыслительные процессы, социальная позиция и эмоциональные состояния напрямую отражаются в языковом выражении. Статья способствует более глубокому пониманию речевого поведения молодежи в цифровой среде и расширяет теоретическую базу психолингвистических и прагматических исследований.

Полученные результаты позволяют интерпретировать систему экспрессивных средств онлайн-дискурса в связи с возрастным фактором, платформенными коммуникативными требованиями и ожиданиями аудитории. Сделанные выводы могут служить основой для прагматического моделирования казахоязычного контента в социальных сетях, а также для описания процессов нормализации и языковых изменений в цифровом дискурсе.

Ключевые слова: психолингвистика, языковое поведение, онлайн-дискурс, молодежная речь, эмоциональная экспрессия.

Кіріспе

Қазіргі цифрлық қоғамда жастардың тілдік мінез-құлқы дәстүрлі ауызша немесе жазбаша коммуникациядан бөлек, онлайн-дискурс аясында қалыптасып, өзіндік ерекшеліктерге ие болып келеді. Әлеуметтік желілер жастардың ойлау жүйесі, эмоционалдық күйі және әлеуметтік позициясын тіл арқылы тікелей көрсетуге мүмкіндік беретін негізгі коммуникациялық алаңға айналды. Осы тұрғыдан алғанда, жастардың онлайн-қарым-қатынастағы тілдік мінез-құлқын психолингвистикалық және прагматикалық аспектіде зерттеу тіл мен сана, тіл мен қоғам арасындағы байланысты терең түсінуге жол ашады. «Тілдік мінез-құлқы» ұғымы қазіргі лингвистикада сөйлеушінің қарым-қатынастағы әрекеттер жүйесі ретінде танымал ұғымға айналды. Бұл ұғым онлайн-дискурс, жастар тілі, көптілділік саласында өзектілігін арттырды. Психолингвистика мен прагматикалық зерттеулердің негізгі нысаны-

на да айналды. Психолингвист Л.С. Выготский сөйлеудің адамның ойлауымен, эмоциясымен, ішкі психикалық күйімен тығыз байланысты екенін түсіндіріп, тілдік мінез-құлқы адамның ішкі сөйлеуінің көрінісі ретінде түсіндіреді (2000). Британдық лингвист, прагматика ғылымының негізін қалаушы П. Грайс адамдардың сөйлеу стилін әлеуметтік ортасына, мәдениетіне, қарым-қатынас жағдайына байланысты деп түсіндіреді. Адамның ақпаратты қалай беретінін, ойын қаншалықты қысқа, нақты жеткізуін, белгілі бір мақсатты көздеп ойын жеткізуін адамның тілдік мінез-құлқы ретінде ұғындырады (Грайс, 2000).

Тілдік мінез-құлқы ұғымын нақтылау және оны қазақ тілді жастардың тілдік мінез-құлқын сипаттау мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Жастардың тілдік мінез-құлқын зерттеу материалына әлеуметтік желілердегі материалдар, соның ішінде Threads әлеуметтік желісі таңдалды. Threads әлеуметтік желі-

сі қазіргі таңда визуал контенттен гөрі мәтінге негізделген платформа ретінде ерекшеленеді. Бұл желіде қолданушылар өз ойын қысқа, спонтанды, көбіне алдын ала өңдеусіз мәтін түрінде білдіреді. Мұндай дискурстық орта жастардың ішкі сөйлеуінің сыртқы тілдік формаға тікелей көшуін бақылауға мүмкіндік береді. Сондықтан Threads желісі қазақ тілді жастардың тілдік мінез-құлқын зерттеуде репрезентативті әрі психолингвистикалық тұрғыдан құнды дереккөз болып табылады. Зерттеудің негізгі сұрағы қазақ тілді жастардың Threads әлеуметтік желісіндегі пікірлерінде эмоцияны қандай тілдік құралдар арқылы білдіретінін және бұл құралдардың олардың коммуникативтік ниетін қалай көрсететінін анықтауға бағытталады. Мақсатты тереңдету үшін эмоциялық ойдың лексикалық, синтаксистік және графикалық құралдар арқылы берілу ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, пікірлерде ирония, агрессия, қолдау, немқұрайлылық сияқты эмоциялық стратегиялардың басымдық деңгейі талданады. Эмодзи мен қысқартулардың эмоцияны жеткізудегі рөлі айқындалып, әрбір пікірдің прагматикалық мақсаты сараланады. Осылайша, Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді жастардың онлайн қарым-қатынастағы тілдік мінез-құлқын психолингвистикалық және прагматикалық тұрғыдан талдайды, Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді жастардың онлайн коммуникациясына талдау жасалады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу деректері Threads әлеуметтік желісінде ашық қолжетімді жазбалар мен пікірлер негізінде жинақталды. Зерттеу барысында 20-35 жас аралығындағы қазақ тілді жастардың 94 пікірі іріктелді, олардың ішінен мақалада нақты 10 пікірге талдау жасалды. Аталған 10 пікір мақсатты іріктеу қағидасына сай сәйкес таңдалды. Таңдау кезінде пікірлер құрылымының әртүрлілігі, пікірдегі эмоцияның айқындылығы, пікір авторының прагматикалық ниетінің анық көруі ескерілді. Осы талаптарға сай мақалада мысалға алынған 10 пікір жалпы Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді жастардың пікірі бойынша репрезентативті үлгі ретінде нақтыланды. Қалған пікірлер жалпы корпус ретінде сақталды. Зерттеу барысында қолданушылардың жынысы, өңірі және әлеуметтік статусы арнайы сараланбады. Бұл шектеу Threads платформасының пайдаланушылар туралы толық демографиялық деректерді ашық ұсынбауымен және зерттеу-

дің негізгі мақсаты әлеуметтік-демографиялық айырмашылықтарды емес, керісінше, тілдік мінез-құлықтың психолингвистикалық және прагматикалық ерекшеліктерін талдауға бағытталуымен түсіндіріледі.

Сондай-ақ мақалада тілдік көрсеткіштердің жиілік сипаты арнайы сандық талдау арқылы берілмеді, себебі зерттеу сапалық бағытта ұйымдастырылды. Мақаладағы негізгі мақсат тілдік бірліктердің сандық таралуын емес, олардың психолингвистикалық және прагматикалық қызметін интерпретациялау болғандықтан, зерттеу жастардың онлайн-дискурстағы тілдік мінез-құлқын эмоциялық және коммуникативтік сигнал ретінде ашып көрсетеді.

Зерттеу барысында психолингвистикалық талдау ішкі сөйлеу белгілері, сөйлем құрылымы, экспрессивтілік тұрғысынан талданды. Прагматикалық талдау коммуникативтік ниет, бағалау, ирония, эмоция білдіру құралдары арқылы көрініс тапты. Екі түрлі талдаудан соң салыстырмалы-аналитикалық әдіс қолданылды. Зерттеу тек ашық жарияланған материалдар негізінде жүргізіліп, қолданушылардың жеке деректері туралы ақпарат жинақталмады, олардың тек жазбаларына ғана талдау жасалды. Сондай-ақ, Ресей және шетел зерттеушілерінің жастардың онлайн-коммуникациясына арналған бірқатар мақалалары мен ғылыми еңбектері басшылыққа алынып, салыстырмалы түрде талданды. Бұл ғылыми әдебиеттер зерттеудің әдістемелік негізін қалыптастыруға және Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді жастардың тілдік мінез-құлқын жүйелі талдауға жол ашты.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі лингвистикада ғаламтор арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас тілдік жүйенің жаңа формаларын қалыптастыратын дербес дискурстық кеңістік ретінде қарастырылады. Осы бағыттағы зерттеулердің басым бөлігі онлайн ортада пайда болатын мәтіндердің құрылымдық-тілдік ерекшеліктерін сипаттауға бағытталған. Аталған бағыттағы кешенді шолулардың бірі Ресейдегі HSE University (National Research University Higher School of Economics, Мәскеу) университетінің ғалымы, компьютерлік және интернет-коммуникацияларды, тілдік дискурсты лингвистикалық тұрғыдан зерттеумен айналысатын А.Б. Хазованың еңбегінде ұсынылған. 2023 жылы «Вопросы языкознания» журналының №2 санында жарияланған А.Б. Хазованың зерттеуі компьютер арқылы делдалданған коммуника-

цияны лингвистикалық тұрғыдан сипаттауға бағытталып, интернет кеңістігінде пайда болатын мәтіндердің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік және пунктуациялық ерекшеліктерін жүйелі түрде талдайды (2023, б. 144-156). Зерттеуде интернет мәтіндерінде қысқартылған сөздердің, бейстандарт лексиканың, эмоционалды-экспрессивті бірліктердің және сөйлесу тіліне тән элементтердің жиі қолданылатыны көрсетіліп, бұл құбылыстар тілдік экономия механизмімен түсіндіріледі (Хазова, 2023). Сонымен қатар мақалада морфологиялық және синтаксистік деңгейлерде ауызша сөйлеуге тән құрылымдардың (толымсыз сөйлемдер, эллипсис, қарапайым синтаксистік модельдер) жазбаша формада белсенді көрініс табатыны дәлелденеді. Алайда, бұл еңбекте тілдік мінез-құлықтың психолингвистикалық және прагматикалық механизмдері арнайы талдау нысанына айналмайды. Осы тұрғыдан алғанда, аталған мақала онлайн-дискурсты сипаттаудың құрылымдық негізін қалыптастырып, қазақ тілді жастардың Threads әлеуметтік желісіндегі тілдік мінез-құлқын психолингвистикалық және прагматикалық тұрғыдан зерттеуге әдістемелік база қызметін атқарады.

Келесі өзекті еңбектің бірі – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғалымдары А. Мақұлбаева, Д. Байдрахманов және Ж. Ибраеваның «Қарым-қатынастағы жастар киберсленгі» (Түпнұсқада «Молодежный киберсленг в общении») атты зерттеуі (2025). Аталған мақала 2025 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысының «Филология» сериясының 151-томы, 2-нөмірінде жарияланған. Зерттеуде жастар арасындағы интернет-коммуникация барысында кеңінен қолданылатын киберсленг бірліктері лингвистикалық тұрғыдан сипатталып, олардың пайда болу жолдары мен тілдік табиғаты талданады. Авторлар киберсленгі жастардың топтық бірегейлігінің белгісі ретінде танып, коммуникациядағы бейресмиліктің көрінісі ретінде қарастырады. Мақалада интернет дискурсында жиі кездесетін қысқартулар, ағылшын тілінен енген кірме сөздер, графикалық символдар, эмодзи мен бейвербалды белгілердің тілдік қызметі сипатталады. Бұл мақаланың зерттеу нәтижелері жастар тілінде тілдік экономия, экспрессия және эмоционалдылық басым екендігін көрсетеді (Мақұлбаева, Байдрахманов, Ибраева, 2025). Киберсленг элементтерінің белсенді қолданылуы сөйлеушінің адресатпен жақындасуына, коммуникациялық қашықтықты қысқартуға және ортақ цифрлық тәжірибені бекітуге қызмет ететіні атап өтіле-

ді. Сонымен қатар, авторлар жастар тіліндегі киберсленгтің динамикалық сипатын, оның тез өзгеретінін, тұрақсыз және контекстке тәуелді екенін көрсетеді. Әйтсе де, бұл мақалада киберсленг құбылысы негізінен лингвистикалық және социолингвистикалық қырынан қарастырылып, жастардың онлайн ортадағы тілдік мінез-құлқының психолингвистикалық механизмдері (тілдік таңдау, ішкі сөйлеу, когнитивтік өңдеу) мен прагматикалық аспектілері (интенция, адресатқа бағдарлану, коммуникативтік стратегиялар) арнайы зерттеу нысанына айналмайды. Осы тұрғыдан алғанда, А. Мақұлбаева, Д. Байдрахманов және Ж. Ибраева еңбегі жастардың интернеттегі тілдік тәжірибесін сипаттайтын маңызды эмпирикалық және теориялық база ұсына отырып, қазақ тілді жастардың Threads әлеуметтік желісіндегі тілдік мінез-құлқын психолингвистикалық және прагматикалық тұрғыдан кешенді зерттеуге алғышарт қалыптастырады.

Жастардың онлайн қарым-қатынасындағы тілдік ерекшеліктерін жүйелі түрде сипаттауға арналған тағы бір еңбек – А.М. Сергеева мен Л.С. Моисееваның «Жастардың интернет-коммуникациясының тілдік ерекшеліктері» («Языковые особенности молодежной интернет-коммуникации») атты зерттеуі. Аталған мақала 2025 жылы «Неофилология» ғылыми журналында жарияланған (2025). Зерттеу мақаласының негізгі мақсаты – жастардың интернет-коммуникациясында қолданылатын тілдік құралдардың ерекшеліктерін анықтап, олардың құрылымдық және функционалдық сипаттамасын беру. Авторлар интернет-дискурсты дербес коммуникациялық кеңістік ретінде қарастырып, онда қалыптасатын тілдік нормалардың дәстүрлі жазбаша сөйлеу үлгілерінен айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетеді. Мақалада жастардың интернет-коммуникациясына тән негізгі тілдік белгілер ретінде қысқартулардың, графикалық элементтердің, эмодзилердің, бейстандарт орфография мен пунктуацияның, сондай-ақ ауызекі сөйлеуге тән синтаксистік құрылымдардың кеңінен қолданылуы көрсетіледі (Сергеева, Моисеева, 2025). Авторлар бұл құбылыстарды коммуникацияның жеделдігімен, эмоциялық қанықтылығымен және тілдік экономия принципімен байланыстырады. Зерттеуде интернет-коммуникацияның тілдік ерекшеліктері негізінен лингвистикалық және дискурстық қырынан талданады. Авторлар лексикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлердегі өзгерістерге басымдық береді. Дегенмен, бұл еңбекте жастардың онлайн ортадағы тілдік мінез-құлқының психолингвистикалық негіздері мен прагматика-

лық стратегиялары дербес талдау нысаны ретінде терең қарастырылмайды.

Ұлыбританиядағы Open University зерттеушісі Каролин Таггтың «*The Discourse of Text Messaging: Analysis of SMS Communication*» яғни «Мәтіндік хабарламалар дискурсы: SMS-коммуникацияны талдау» атты еңбегі алғаш 2012 жылы Лондонда «Continuum» баспасынан жарық көрген. Кейін жылы жаңартылып, қайта шықты. Ғалым қысқа мәтіндік коммуникацияны дербес дискурстық жанр ретінде қарастырып, оның ауызша және жазбаша сөйлеудің аралық формасы екенін дәлелдейді. Еңбекте 11000-нан астам SMS-хабарламалар корпусына сүйене отырып, қысқа мәтіндік коммуникацияның лингвистикалық ерекшеліктері жан-жақты талданады. SMS-хабарламаларда грамматикалық құрылымдардың, дискурсивтік маркерлердің және эмоциялық экспрессияның белсенді қолданылуы сөйлеушінің ішкі күйін тікелей тілдік формада көрсетуге мүмкіндік беретіні көрсетіледі (Tagg, 2012). Аталған зерттеулер біздің зерттеу мақсатымызға сай алынған нәтижелерді талдауға теориялық және әдіснамалық негіз болады.


Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында Threads әлеуметтік желісінен қазақ тілді жастарға тиесілі 94 пікір

жинақталып, электронды дерекқор ретінде сақталды. Аталған материалдар арасынан психоллингвистикалық және прагматикалық тұрғыдан типтік әрі мазмұнды деп танылған 10 пікір мақсатты іріктеу әдісі арқылы таңдалып, терең сапалық талдауға алынды. Қалған жазбалар жалпы үрдістерді анықтау үшін фондық корпус ретінде пайдаланылады. Мұндай тәсіл онлайн-дискурсты жүйелі түрде сипаттауға және негізгі тілдік мінез-құлық үлгілерін көрсетуге мүмкіндік береді. Мақалада мақсатты түрде таңдалып алынған 10 пікірдегі тілдік элементтерге (сөйлем құрылымы, қысқартулар, эмодзи, сөз таңдау) назар аударылды. Зерттеу этикасы талаптарына сәйкес пікір авторларының жеке деректері, соның ішінде есімдері мен фотосуреттері жасырылды. Бұл қадам қатысушылардың құпиялылығын сақтау, цифрлық этика қағидаларын ұстану және интернет-дискурсты зерттеудегі халықаралық ғылыми стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылды. Психоллингвистикалық талдау сөйлеушінің когнитивтік және тілдік әрекеттерін, ал прагматикалық талдау пікірдің коммуникативтік мақсатын, эмоциялық мазмұнын және адресатқа бағдарын анықтауға мүмкіндік берді (Crystal, 2021). Бұл тәсіл әрбір жазбадағы тілдік мінез-құлықты нақты, салыстырмалы және жүйелі көрсетуге жағдай жасайды. Нәтиже 1-ші кестеде берілді.

1-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психоллингвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (1)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
	<p>Пікірде автор коучтар мен «инфоцыған» блогерлердің дипломсыз курс сатуына тыйым салынатыны туралы жаңалықты оң қабылдап, қуаныш сезімін білдіреді. Жаңа заңның дайындалып жатқаны айтылып, бұл өзгеріс қоғам үшін маңызды әрі әділ қадам ретінде бағаланады.</p>

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Психоллингвистикалық талдау: Пікір эмоционалды, экспрессивті сипатта жазылған. Сөйлемдер қысқа, ауызекі стильге жақын, сөйлеу тілінің элементтері («ішім бір жылып», «ағайын») қолданылады. Леп белгілерінің (!!)

эмодзилердің қолданылуы автордың ішкі эмоциясын тікелей, спонтанды түрде білдіріп тұрғанын көрсетеді. Мәтінде логикалық құрылымнан гөрі эмоционалдық реакция басым, бұл ішкі сөйлеудің сыртқы мәтінге өңделмей шығуын аң-


ғартады (Baron, 2018). «Инфоцыган» сияқты бағалауыш лексиканың қолданылуы сөйлеушінің когнитивтік ұстанымын, яғни белгілі бір топқа қатысты теріс көзқарасын көрсетеді.

Прагматикалық талдау: Пікірдің негізгі коммуникативтік ниеті – қолдау білдіру және қоғамдық позициясын көрсету. Автор жаңа заңды құптай отырып, өз эмоциясын көпшілікпен бөлі-

суді мақсат етеді. «Ағайын» сөзінің қолданылуы адресатқа – жалпы оқырманға жақындау, ортақ көзқарасты бекіту қызметін атқарады. Эмодзилер мен леп белгілері арқылы позитивті эмоция күшейтіліп, пікірдің әсерлілігі артады. Прагматикалық тұрғыдан бұл жазба әлеуметтік келісімді, ортақ құндылықты және моральдық бағалауды білдіретін реакция ретінде қызмет етеді.

2-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психоллингвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (2)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
 <p>21 ч. Неге футболистер мен баскетболисттер көөөөп ақша алады, ал дәрігерлер мен өрт сөндірушілер өте аз жалақымен отырады. Негееее????!!!! Дәрігерлер мен өрт сөндірушілер күн сайын адам өмірін құтқарумен әлек қой. Кім түсіндіріп бере алады осы нәрсені?</p> <p>240 36 3 2</p> <p>19 ч. Себебі пожарник пен медик ол мамандықпен өлгенше құрметті боп істей береді. Дипломы мен білігі болса бәрі жұмыс табады. Ал спортта олай емес. Мыңдаған футболшыдан санаулысы ғана бай болады. 70-80 пайызы тозып кетеді</p> <p>94 3 3 2</p>	<p>Пікірде автор футболистер мен баскетболистердің жоғары жалақы алуын, ал дәрігерлер мен өрт сөндірушілердің аз жалақыға жұмыс істеуін әділетсіздік ретінде бағалайды. Қоғам үшін маңызды, адам өмірін сақтайтын мамандықтардың еңбегі жеткілікті бағаланбай отырғанына наразылық білдіріп, бұл жағдайдың себебін түсіндіруді сұрайды.</p>

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.


Психоллингвистикалық талдау: Мәтін эмоциялық жағынан өте қанық, экспрессивті сипатта жазылған. Көптік созылыңқы дауыстылар («көөөп», «Негееее»), бірнеше сұрақ және леп белгілерінің қатар қолданылуы (????!!!!) автордың ішкі күйзелісін, ашуын және танданысын көрсетеді. Сөйлемдер ауызекі стильге жақын, спонтанды түрде құрылған, логикалық құрылымнан гөрі эмоциялық реакция басым. «Кім түсіндіріп бере алады?» деген сұрақ сөйлеушінің когнитивтік тұрғыда түсінбеу, әділетсіздікке жауап іздеу жағдайын көрсетеді. Лексикасы қарапайым, тұрмыстық си-

патта, бұл ішкі сөйлеудің тікелей мәтінге айналғанын аңғартады (Herring, 2021).

Прагматикалық талдау: Пікірдің негізгі коммуникативтік ниеті – наразылық білдіру және қоғамдық мәселені көтеру. Автор адресатты кең аудитория ретінде қабылдап, қоғамнан қолдау мен жауап күтеді. Риторикалық сұрақтар арқылы оқырманды ойландыру, эмоционалдық әсер ету мақсаты көзделген. Мәтін әлеуметтік әділеттілік мәселесіне назар аудартуға бағытталған, яғни пікірдің прагматикалық мақсаты – қоғамдық дискурс тудыру.

3-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психолнгвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (3)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
	<p>Автор өзінің бірнеше тіл білетінін, бірақ өмірде негізінен қазақ тілінде сөйлейтінін атап өтеді. Астанада балаларға арналған дүкені бар екенін, қызметті толықтай қазақ тілінде көрсететінін және Instagram парақшасын да қазақша жүргізетінін айтады. Соған қарамастан, саудасы төмендегенін, керісінше, қазақ тілінің дамып келе жатқанына қуанып, бұл үрдісті жалғастыруға шақырады.</p>

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.


Психолнгвистикалық талдау: Мәтін логикалық тұрғыдан құрылымдалған, эмоциясы позитивті. Сөйлемдер толық, бірізді, ой жүйелі түрде баяндалады, бұл автордың ішкі сөйлеуінің өңделіп, рефлексияланған түрде сыртқа шыққанын көрсетеді. «4 тіл білемін», «қазақша сөйлеймін», «толықтай қазақша қызмет көрсетеміз» сияқты тіркестер арқылы тілдік идентификациясы айқын көрінеді. Эмодзилердің қолданылуы жағымды эмоцияны күшейтеді, бірақ мәтіннің негізгі мазмұны эмоцияға емес, рационалды тәжірибеге сүйенеді. Лексикасы бейтарап,

ресми емес, бірақ мәдени-әлеуметтік мазмұнға ие.

Прагматикалық талдау: Пікірдің негізгі коммуникативтік ниеті – үлгі көрсету және мотивация беру. Автор қазақ тілінде қызмет көрсету табысқа кедергі емес екенін дәлелдеуге тырысады. Адресат кең аудиторияны (қазақ тілді қауым) қазақ тілін күнделікті өмірде белсенді қолдануға ынталандырады. Прагматикалық тұрғыдан бұл пікір ұлттық тілдің беделін көтеру, тілдік таңдауды қолдау және позитивті қоғамдық дискурс қалыптастыру мақсатын атқарады (Androusoopoulos, 2024).

4-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психолнгвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (4)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
	<p>Негізгі автор әйел адамның бәріне тамақ дайындап, қызмет көрсеткеннен кейін де үстел басында қосымша сұраныстардың (майонез, вилка, сулық) айтылуын адамгершілікке жатпайтын әрекет ретінде бағалайды. Мұндай сұрақтардың өзіне «триггер» болатынын, яғни жағымсыз эмоция тудыратынын ашық білдіреді. Жауап пікірде («Ақылды әйел дастарханды дұрыстап жасайд») бастапқы ойды ирония арқылы жоққа шығару байқалады. Жауап беруші адам әйелдің міндетін дұрыс атқаруын «ақылдылықпен» байланыстырады.</p>

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.


Психолінгвистикалық талдау: Негізгі пікірде эмоциялық реакция басым. «Триггер» сөзі қазіргі жастарға тән психологиялық термин ретінде қолданылып, сөйлеушінің ішкі күйзелісін білдіреді. Сөйлемдер ауызекі стильде, экспресивті, логикалық өңдеуден гөрі эмоциялық реакцияға негізделген. Тырнақша ішіндегі мысалдар («майонез бар ма?», «вилка бере салшы») ситуациялық сөйлеудің тікелей көшірмесі ретінде беріліп, нақты коммуникативтік тәжірибені қайта жаңғыртады (Thurlow, Lengel, Tomic, 2024). Бұл – ішкі сөйлеудің эмоциямен қаныққан, өңделмей берілген формасы (Tomasello, 2003). Жауап пікірде қысқа, лаконикалық құрылым бар (Лаконикалық құрылым-ойды қысқа, нақты, артық сөзсіз жеткізетін сөйлем құрылымы (Сергее-

ва, Моисеева, 2025). Пікірдегі эмодзи иронияны күшейтеді, ал сөйлем құрылымы қарапайым, стереотипті пікірді көрсетеді.

Прагматикалық талдау: Негізгі пікірдің коммуникативтік ниеті – наразылық білдіру және әлеуметтік мінез-құлықты сынау. Автор белгілі бір әрекеттің орынсыз екенін жария түрде бекітеді. Пікір әлеуметтік гендерлік рөлдерге қатысты дискурсты қозғап, қоғамдағы кей көзқарасқа қарсы позицияны білдіреді. Жауап пікірдің прагматикалық мақсаты – ирония арқылы бастапқы пікірді әлсірету, дәстүрлі көзқарасты қорғау. Эмодзи арқылы айтылған ой «әзіл» формасында берілгенімен, оның астарында гендерлік стереотипті бекіту бар (Chomsky, 2006).

5-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психолінгвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (5)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
	<p>Автор «аралас мектеп» ұғымының іс жүзінде жұмыс істемейтінін айтып, жеке тәжірибесіне сүйенеді. Кіші ұлы аралас мектепке барғанымен, оқу процесінде қазақша репликалар өте аз қолданылып, шаралардың негізінен орыс тілінде өтетінін атап өтеді. Нәтижесінде, «аралас мектеп» деген түсінік қазақ отбасынан шыққан, бірақ орысша сөйлейтін ортаға тән құбылыс ретінде бағаланады.</p>

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.


Психолінгвистикалық талдау: Мәтін құрылымдық тұрғыдан жүйелі, логикалық байланысы анық. Автор жеке бақылауына негізделген когнитивтік қорытынды жасайды, яғни тәжірибе, талдау, тұжырым логикасы ретімен сақталған. Сөйлемдер толық, рефлексияланған, эмоциясы салыстырмалы түрде бейтарап. «Аралас мектеп деген болмайды екен» деген қорытынды сөйлем автордың ішкі ойлау процесінің өңделіп, жалпылама пікірге айналғанын көрсетеді. Лексикасы әлеуметтік-тақырыптық сипатта, тілдік бағалау құралдары («қатын алған қазақтың...») арқылы белгілі бір әлеуметтік құбылысқа сыни

көзқарас білдіріледі.

Прагматикалық талдау: Пікірдің негізгі коммуникативтік ниеті – мәселе көтеру және қоғамдық назар аударту. Автор өз тәжірибесін мысалға келтіре отырып, білім беру жүйесіндегі тілдік саясаттың шынайы жағдайын көрсетуге тырысады. Адресат – кең аудитория (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2014), яғни ата-аналар мен қоғам өкілдері. Прагматикалық тұрғыдан, бұл жазба тілдік теңсіздік мәселесін ашып, «аралас мектеп» ұғымының мазмұнын қайта ойластыруға шақыратын әлеуметтік сигнал қызметін атқарады (Bruner, 2021).

6-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психолінгвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (6)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
	<p>Автор Жаңа жылды салют, шырша, тілек айту сияқты дәстүрлермен тойламауды қалыпты құбылыс ретінде қорғайды. Ол бұл мерекенің діни емес, отбасылық сипатта екенін атап өтіп, жақын туыстармен бірге отырып, жай ғана қуанышты уақыт өткізу жеткілікті деген позицияны ұсынады. Сонымен қатар, өзгелердің пікіріне ашулы реакция білдіріп, сынға қарсылық көрсетеді.</p>

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.


Психолінгвистикалық талдау: Мәтін эмоциялық тұрғыдан өте қанық, агрессивті реңк басым. Сөйлемдер ауызекі стильде, спонтанды түрде құрылған, ішкі эмоция тікелей сыртқа шыққан. Бейәдеби лексиканың («блэт», «бес тиындарыңды») қолданылуы сөйлеушінің ашу-ыза күйін көрсетеді. Сұрақ-леп формалары («керек емес пе?!», «қосып отырасыңдар?!») риторикалық сипатта, бұл когнитивтік тұрғыда қарсы позицияны күшейтуге бағытталған. Мәтіннің соңғы бөлігінде сабырлырақ байқалады, рефлексияланғаны көрінеді. Автор өз

позициясын жүйелеп, Жаңа жылды «отбасылық мереке» ретінде қайта анықтайды.

Прагматикалық талдау: Пікірдің негізгі коммуникативтік ниеті – өзін қорғау және қарсы пікірлерге жауап беру. Автор адресатты кең аудитория ретінде қабылдап, өзінің көзқарасын ақтауға тырысады. Агрессивті лексика арқылы эмоциялық әсер ету, пікірталаста үстем позиция алу мақсаты көзделеді (Majid, 2021). Сонымен қатар соңғы сөйлемдерде құндылықтық бағдар бар: Жаңа жылды отбасылық, бейбіт мереке ретінде сипаттау арқылы автор өз әлеуметтік позициясын бекітеді.

7-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психолінгвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (7)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
	<p>Автор «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабын оқып бітіргенін, келер жылы белсенді түрде жұмыс істеп, мектепте «мәдени майдан» ашқысы келетінін көрсетеді. Алайда, алғашқы педагогикалық кеңестен кейін жұмыстан шығуға деген көңіл күй пайда болғанын әзіл-ирония аралас түрде жеткізеді. Пікірде кәсіби үміт пен жас маманның көңілінің қалуы қатар көрініс табады.</p>


Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Психолінгвистикалық талдау: Мәтін эмоциялық және экспрессивті сипатта жазылған. «Пиздеееец» сияқты созылыңқы, бейәдеби лексиканың қолданылуы автордың ішкі күйзелісін, таңданысын және күйінішін күшейтіп көрсетеді (Boyd, Ashokkumar, Seraj, Pennebaker, 2022). Сөйлемдер ауызекі стильде, спонтанды түрде құрылған, логикалық құрылымнан гөрі эмоциялық реакция басым. Темекі эмодзисінің қолданылуы күйзеліс, шаршау, күйініш сияқты психологиялық күйді символдық түрде білдіреді. Бұл – ішкі сөйлеудің өңделмей, тікелей сыртқы мәтінге айналған формасы.

Прагматикалық талдау: Пікірдің негізгі коммуникативтік ниеті – эмоционалдық разряд (эмоцияны шығару) және өзіндік тәжірибемен бөлісу (Pennebaker, Boyd, Jordan, Blackburn, 2015). Автор адресатты нақты бір адам емес, кең аудитория ретінде қабылдап, өзінің кәсіби күйзелісін ашық білдіреді. Бейәдеби лексика мен эмодзи арқылы әсерлілік күшейтіліп, оқырманнан түсіністік пен қолдау күтетін жанама прагматикалық сигнал байқалады. Пікір, сонымен қатар, жүйелік мәселелерге ишара жасап, «мектептегі шынайы жағдайдың» оңай еместігін көрсету қызметін атқарады.

8-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психолінгвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (8)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
	<p>Автор «үлкен келін» ұғымына қатысты дәстүрлі ұғымды қолдайтынын көрсетеді. Әкесі: «Болашақ келіннің бүкіл әулетке қызмет ететін, бәріне сыйластықпен қарайтын қыз болуы керек»– деген көзқарасты ұстанатынын айтады. Автор «батыс ред флаг» деп бағалап, батыстың қыздарын аса ұнатпайтын жеке көзқарасын бірден байқатады. Пікір соңында «Талаңдар осындамын...» деп ирониялы өзіндік позициясын білдіреді. Кім не десе де, өз пікірінің айнытпайтынын ашық айтады.</p>

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Психолінгвистикалық талдау: Мәтін эмоциялық жағынан салыстырмалы түрде сабырлы, бірақ бағалауыш реңк басым. Сөйлемдер қысқа, нақты, логикалық құрылым сақталған.


«Ред флаг» сияқты ағылшын тілінен енген сленгтік тіркестің қолданылуы автордың заманауи когнитивтік кеңістігін, әлеуметтік желі дискурсына тән тілдік репертуарын көрсетеді (Kita, Alibali, Chu, 2017). «Епетейсіз, дөрекі емес» тіркесі арқылы өңірлік көзқарасқа деген ішкі қарсылық байқалады. Бұл пікір – рефлекс

сияланған, саналы түрде құрылған ішкі ойдың тілдік көрінісі.

Прагматикалық талдау: Пікірдің негізгі коммуникативтік ниеті – жеке позициясын көрсету. Автор адресатқа өзінің құндылықтық бағдарын ашық білдіреді, батыс өңірінен шыққан қыздарға қарсы көзқарасын жариялайды. «Ред флаг» ұғымы арқылы ол оқырманға ескерту, белгілі бір мінез-құлықтың қауіпті екенін белгілеу мақсатын көздейді. Прагматикалық тұрғыдан, бұл жазба – әлеуметтік стереотиптерді қайта қарауға шақыратын, сыншыл дискурстық акт.

9-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психолінгвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (9)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
	<p>Автор телефон қоңырауларын ұнатпайтынын, құрылғысын үнемі дыбыссыз режимде ұстайтынын айтады. Дауыстық қоңырауды «стресс», ал мәтіндік хабарламаны «комфорт» ретінде бағалайды. Соңында бұл тек өзіне ғана тән құбылыс па, әлде осындай адамдар бар ма деген сұрақ қояды.</p>

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Психолінгвистикалық талдау: Мәтін қысқа, құрылымы қарапайым және логикалық жағынан жинақы. Автордың ішкі когнитивтік ұстанымы анық көрінеді: қоңырауды «стресс», хабарламаны «комфорт» деп бағалайды. Бұл бинарлық оппозиция когнитивтік жіктеудің қарапайым, бірақ тиімді формасын көрсетеді (Rohrer, Kita, 2020). Эмодзи жағымды эмоциялық күйді білдіреді және мәтіннің эмоционалды реңкін жұмсартады.

«Бұл жалғыз мен бе?» деген сұрақ автордың әлеуметтік ұстанымдарға сәйкестенудің қажет

емес екендігін, өз таңдауының қалыпты екенін аңғартады.

Прагматикалық талдау: Пікірдің негізгі коммуникативтік ниеті – өз тәжірибесімен бөлісу және қолдаушы реакция күту. Автор адресаты кең аудитория ретінде қабылдап, өзіне ұқсас адамдарды табуға тырысады. Сұрақ формасы арқылы диалогқа шақыру, ортақ тәжірибені бөлісу мақсаты көзделген. Прагматикалық тұрғыдан, бұл жазба қазіргі жастардың цифрлық қарым-қатынас стиліндегі өзгерістерді жария түрде бекіту қызметін атқарады.

10-кесте

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысалдарды психолінгвистикалық, прагматикалық талдаудың салыстырмалы кестесі (10)

Threads әлеуметтік желісінен алынған мысал	Пікір мазмұны туралы қысқаша түсінік
	<p>Автор өзін ағылшын тілі мұғалімі ретінде таныстырғанда адамдардың «уровень қандай?» деп сұрауына наразы. Ол мұндай сұрақтың орынсыз екенін ирония арқылы көрсетіп, басқа мамандық иелерінен (мысалы, дене шынықтыру мұғалімдерінен) дәл осылай нақты көрсеткіштерді сұрамайтынын алға тартады. Пікір кәсіби мәртебеге қатысты әлеуметтік стереотипті сынға алады.</p>

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Психоллингвистикалық талдау: Мәтін қысқа, жинақы, логикалық құрылымы айқын. Сұрақ-жауап формасы арқылы автор өз ішкі қарсылығын риторикалық тәсілмен білдіреді. «Уровень» сөзінің орысша қолданылуы жастар дискурсына тән код-ауысым құбылысын көрсетеді және кәсіби ортадағы терминологиялық ықпалды аңғартады.

Сөйлемдер эмоциялық тұрғыдан тым агрессивті емес, бірақ бағалауыш реңк бар. Бұл – рефлексияланған, саналы түрде құрылған ішкі ойдың тілдік көрінісі.

Прагматикалық талдау: Автор адресатқа (кең аудиторияға) әлеуметтік стереотиптің орынсыз екенін көрсетуге тырысады. Сол себепті, пікірдің негізгі коммуникативтік ниетін кәсіби мәртебені қорғау және әділетсіз бағалау нормасын сынау деп бағалауға болады.

Ирония мен салыстыру тәсілі арқылы оқырманды ойландыру, келісім тудыру мақсаты көзделген. Прагматикалық тұрғыдан алғанда, бұл жазба – мұғалім мамандығына деген көзқарасты қайта қарауға шақыратын әлеуметтік-позициялық акт.

Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді жастар пікірлерін талдау нәтижесінде бірнеше тұрақты тілдік мінез-құлық үлгілері айқындалды. Ең алдымен, пікірлердің басым бөлігінде эмоциялық экспрессия жоғары деңгейде көрінеді: ашу, наразылық, ирония, қуаныш, күйзеліс сияқты эмоциялар бейәдеби лексика, созылыңқы әріптер, леп және сұрақ белгілері, эмодзилер арқылы беріледі. Екіншіден, әлеуметтік тақырыптарға қатысты сын айту, әділетсіздікке наразылық білдіру, кәсіби және мәдени құндылықтарды қорғау жиі кездесетін прагматикалық стратегиялар ретінде байқалады. Жастар жеке тәжірибесін қоғамдағы кеңірек мәселелермен байланыстырып, өз позициясын ашық жариялау арқылы онлайн-дискурста белсенді әлеуметтік субъект ретінде көрінеді.

Зерттеу барысында жасақталған кестедегі қысқа, фрагментарлы сөйлемдер, бейәдеби лексика, эмодзилер мен интонацияны графикалық тәсілмен беру құбылыстары А.Б. Хазованың тұжырымдарын толық растайды. Бұл жастардың Threads-та ішкі сөйлеуін өңделмеген күйде сыртқы мәтінге айналдыратынын көрсетеді. А.М.Сергеева мен Л.С. Моисееваның интернет-коммуникациясының тілдік ерекшеліктері туралы зерттеуінде экспрессивтілік, эмоциялық реңк, бейстандарт орфография мен пунктуация онлайн дискурстың негізгі белгілері ретінде си-

патталса, кестеде ұсынған Threads пікірлерінде байқалған созылыңқы дыбыстар, бірнеше леп және сұрақ белгілерінің қатар қолданылуы, сондай-ақ, ирония мен сарказмға негізделген сөйлемдер осы теориялық тұжырымдармен сәйкес келеді. Бұл жастардың эмоцияны тіл арқылы барынша айқын, тікелей жеткізуге ұмтылатынын көрсетеді. Ал А. Мақұлбаева, Д. Байдрахманов және Ж. Ибраеваның жастар киберсленгіне арналған еңбегінде код-ауысым, бейресми лексика және әлеуметтік топқа тән тілдік бірліктер жастардың интернеттегі өзіндік тілдік тұлғасын қалыптастыратыны айтылады. Кестедегі Threads материалдарында қазақша-орысша-ағылшынша элементтердің аралас қолданылуы, «ред флаг», «уровень», «триггер» сияқты сөздердің белсенді қолданылуы жастардың көптілді когнитивтік кеңістігін және жаһандық цифрлық мәдениетпен байланысын көрсетеді.

Каролин Тагг өз зерттеуінде қысқа мәтіндерде ауызша сөйлеуге тән элементтердің (дискурсивтік маркерлер, эмоциялық тіркестер, қысқа синтаксистік құрылымдар) белсенді қолданылатынын көрсетіледі. Мысалы, британдық пайдаланушылардың хабарламаларында «well», «you know», «so» сияқты ауызекі маркерлер жазбаша форматта жиі кездеседі. Бұл құбылыс мәтіндік коммуникацияның ауызша-жазбаша аралық табиғатын айқындайды деп түсіндіреді (Мақұлбаева, Байдрахманов, Ибраева, 2025). Осындай ерекшелік Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді жастар пікірлерінде де байқалады: «негізі», «шамасы», «енді», «ғой» сияқты ауызекі сөйлеуге тән маркерлер жазбаша пікірлерде кеңінен қолданылады. Бұл жастардың ішкі сөйлеуінің өңделмей, тікелей мәтінге айналатынын көрсетеді. Сонымен қатар, Tagg мәтіндерде эмоцияны графикалық құралдар арқылы жеткізу (леп белгілері, созылыңқы әріптер, қайталау) маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Мысалы, «sooooo good!!!» сияқты құрылымдар арқылы сөйлеушінің ішкі эмоциялық күйі беріледі. Threads-тағы қазақ тілді жастар пікірлерінде де «көөөп», «пиздеееец» (бейәдеп лексика), «негееее» сияқты созылыңқы формалар мен эмодзилер жиі кездеседі. Бұл – психоллингвистикалық тұрғыдан эмоцияның тілдік формаға тікелей, спонтанды түрде түсуінің көрінісі.

Каролин Тагг еңбегінде мәтіндік коммуникациядағы фразеологизмдердің түрленуі мен шығармашылық қолданылуы да талданады. Автор пайдаланушылардың идиомаларды өзгертіп, жаңа мағыналық реңк беретінін көрсетеді (Tagg,

2012). Бұл құбылыс Threads-та да байқалады: жастар «ред флаг», «триггер болды», «стресс вообще» сияқты тұрақты тіркестерді контекстке сай өзгертіп, бағалауыш мәнде қолданады. Мұндай тілдік таңдау жастардың когнитивтік репертуарының көпқабатты екенін және интернет-дискурста тілдік икемділіктің жоғары екенін көрсетеді.

Прагматикалық тұрғыдан алғанда, К. Тагг қысқа мәтіндерде негізгі коммуникативтік мақсат көбіне ақпарат беруден гөрі эмоция бөлісу, қолдау көрсету және әлеуметтік жақындасу екенін атап өтеді. Бұл үрдіс Threads-тегі қазақ тілді жастардың пікірлерінде де айқын көрінеді. Көптеген жазбаларда жастар өз күйзелісін, наразылығын немесе қуанышын жариялап, оқырманнан түсіністік пен қолдау күтеді. Мысалы, «Бұл жалғыз мен бе?» деген сұрақтар әлеуметтік қолдауды, ал риторикалық сұрақтар мен ирония пікірталас тудыруды мақсат етеді. Осылайша, К. Тагг сипаттаған қысқа мәтіндік дискурс заңдылықтары Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді жастардың тілдік мінез-құлқымен толық сәйкес келеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Threads әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді жастардың тілдік мінез-құлқы эмоциялық, бағалауыштық және әлеуметтік белсенді сипатқа ие. Онлайн пікірлерде тіл тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғалық позицияны білдіру, әлеуметтік әділеттілікті талап ету, мәдени және кәсіби құндылықтарды қорғау құралы ретінде қызмет етеді. Психоллингвистикалық тұрғыдан бұл жазбалар ішкі сөйлеудің сыртқы, спонтанды көрінісін көрсетсе, прагматикалық тұрғыдан олар қоғамдық дискурс қалыптастырудың белсенді тетігіне айналған. Осылайша, қазақ тілді жастар Threads платформасында өз ойы мен эмоциясын

еркін білдіретін, тілдік тұрғыдан икемді және әлеуметтік жауапкершілігі бар коммуникативтік тұлға ретінде танылады.

Зерттеу мақаласы жастардың онлайн-дискурстағы тілдік мінез-құлқын психоллингвистикалық және прагматикалық тұрғыдан талдау арқылы қазіргі цифрлық коммуникациядағы эмоциялық экспрессия мен коммуникативтік ниеттің тілдік көріністерін жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Теориялық тұрғыдан алғанда, зерттеу Threads-тегі қарым-қатынас жағдайында тілдік әрекетті эмоциялық сигнал ретінде қарастырудың ғылыми негізін кеңейтіп, жастар тілін психоллингвистикалық және прагматикалық механизмдермен сабақтастыра талдаудың жаңа интерпретациялық үлгісін ұсынады. Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері педагогтерге, психологтерге және білім беру саласының мамандарына жастардың тілдік мінез-құлқын дұрыс түсінуге, олардың эмоциялық күйін тілдік белгілер арқылы тануға және тиімді коммуникациялық стратегияларды қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар алынған қорытындылар цифрлық ортадағы тіл мәдениетін жетілдіруге, тәрбиелік және психологиялық жұмысты ғылыми негізде ұйымдастыруға әдістемелік бағдар бола алады.

Мақала авторларының үлесі

К.К. Садирова талдау нәтижелерін тексеруге, теориялық бөлімді толықтыруға және мақаланың соңғы нұсқасын редакциялауға қатысты; А.М. Дуйсмаганбетова мақаланың ғылыми тұжырымдамасын қалыптастырды, зерттеу материалдарын жинақтады және негізгі мәтінді жазды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Вьготский, Л. С. (2000). *Мышление и речь*. Лабиринт.
- Грайс, П. (2000). Логика и речевое общение. В *Синтаксис и семантика*. Academic Press.
- Хазова, А. Б. (2023). Изучение компьютерно-опосредованной коммуникации в лингвистическом аспекте. *Вопросы языкознания*, (2), 144–156.
- Макулбаева, А., Байдрахманов, Д., & Ибраева, Ж. (2025). Молодежный киберсленг в общении. *Вестник Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. Серия «Филология»*, 151(2), 116–126. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-116-126>
- Сергеева, А. М., & Моисеева, Л. С. (2025). Языковые особенности молодежной интернет-коммуникации. *Неофилология*, 11(2), 273–282. <https://doi.org/10.20310/2587-6953-2025-11-2-273-282>

- Tagg, C. (2012). *The discourse of text messaging: Analysis of SMS communication*. Continuum.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. (2014). Ғылым.
- Crystal, D. (2021). *Language and the Internet* (2nd ed.). Cambridge University Press.
- Baron, N. (2018). *Always on: Language in an online and mobile world*. Oxford University Press.
- Herring, S. (2021). Computer-mediated discourse. In D. Schiffrin, D. Tannen, & H. E. Hamilton (Eds.), *The handbook of discourse analysis*. Blackwell.
- Androutsopoulos, J. (2024). Online data collection. In *The handbook of pragmatics*. Wiley.
- Thurlow, C., Lengel, L., & Tomic, A. (2024). *Computer-mediated communication: Social interaction and the Internet*. Sage.
- Tomasello, M. (2003). *Constructing a language: A usage-based theory of language acquisition*. Harvard University Press.
- Chomsky, N. (2006). *Language and mind*. Cambridge University Press.
- Bruner, J. (2021). *Child's talk: Learning to use language*. Oxford University Press.
- Majid, A. (2021). Differential coding of perception in the world's languages. *Trends in Cognitive Sciences*.
- Pennebaker, J. W., Boyd, R. L., Jordan, K., & Blackburn, K. (2015). *The development and psychometric properties of LIWC2015*. University of Texas at Austin.
- Boyd, R. L., Ashokkumar, A., Seraj, S., & Pennebaker, J. W. (2022). The development and psychometric properties of LIWC-22. *Behavior Research Methods*.
- Kita, S., Alibali, M. W., & Chu, M. (2017). How do gestures influence thinking and speaking? The gesture-for-conceptualization hypothesis. *Psychological Review*.
- Rohrer, P., Kita, S., et al. (2020). Gesture and speech coordination in communication. *Journal of Memory and Language*.

References

- Androutsopoulos, J. (2024). Online data collection. In *The handbook of pragmatics*. Wiley.
- Baron, N. (2018). *Always on: Language in an online and mobile world*. Oxford University Press.
- Boyd, R. L., Ashokkumar, A., Seraj, S., & Pennebaker, J. W. (2022). The development and psychometric properties of LIWC-22. *Behavior Research Methods*.
- Bruner, J. (2021). *Child's talk: Learning to use language*. Oxford University Press.
- Chomsky, N. (2006). *Language and mind*. Cambridge University Press.
- Crystal, D. (2021). *Language and the Internet* (2nd ed.). Cambridge University Press.
- Grice, P. (2000). Logika i rechevoe obshchenie. In *Sintaksis i semantika*. Academic Press.
- Herring, S. (2021). Computer-mediated discourse. In D. Schiffrin, D. Tannen, & H. E. Hamilton (Eds.), *The handbook of discourse analysis*. Blackwell.
- Khazova, A. B. (2023). Izuchenie komp'yuterno-oposredovannoi kommunikatsii v lingvisticheskom aspekte. *Voprosy yazykoznanii*, (2), 144–156. (In Russian)
- Kita, S., Alibali, M. W., & Chu, M. (2017). How do gestures influence thinking and speaking? The gesture-for-conceptualization hypothesis. *Psychological Review*.
- Majid, A. (2021). Differential coding of perception in the world's languages. *Trends in Cognitive Sciences*.
- Makulbaeva, A., Baidrakhmanov, D., & Ibraeva, Zh. (2025). Molodezhnyi kibernsleng v obshchenii. *Vestnik Evraziiskogo natsional'nogo universiteta imeni L. N. Gumileva. Seriya «Filologiya»*, 151(2), 116–126. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-116-126> (In Russian)
- Pennebaker, J. W., Boyd, R. L., Jordan, K., & Blackburn, K. (2015). *The development and psychometric properties of LIWC2015*. University of Texas at Austin.
- Rohrer, P., Kita, S., et al. (2020). Gesture and speech coordination in communication. *Journal of Memory and Language*.
- Sergeeva, A. M., & Moiseeva, L. S. (2025). Yazykovye osobennosti molodezhnoi internet-kommunikatsii. *Neofilologiya*, 11(2), 273–282. <https://doi.org/10.20310/2587-6953-2025-11-2-273-282> (In Russian)
- Tagg, C. (2012). *The discourse of text messaging: Analysis of SMS communication*. Continuum.
- Thurlow, C., Lengel, L., & Tomic, A. (2024). *Computer-mediated communication: Social interaction and the Internet*. Sage.
- Tomasello, M. (2003). *Constructing a language: A usage-based theory of language acquisition*. Harvard University Press.
- Vygotsky, L. S. (2000). *Myshlenie i rech'*. Labirint. (In Russian)
- Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. (2014). *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Gylım. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Садирова Күлзат Каниевна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: ksadirova@zhubanov.edu.kz).

Дүйсмаганбетова Алима Муратовна (корреспондент-автор) – PhD докторант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: muratovna.2025@gmail.com).

Information about the authors:

Sadirova Kulzat Kaniyevna – Doctor of Philological Sciences, Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University (Aktobe, Kazakhstan, e-mail: ksadirova@zhubanov.edu.kz).

Duismaganbetova Alima Muratovna (corresponding author) – PhD student, K. Zhubanov Aktobe Regional University (Aktobe, Kazakhstan, e-mail: muratovna.2025@gmail.com).

Сведения об авторах:

Садирова Кульзат Каниевна (автор-корреспондент) – доктор филологических наук, профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова (Актобе, Казахстан, e-mail: ksadirova@zhubanov.edu.kz).

Дуйсмаганбетова Алима Муратовна – PhD докторант, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова (Актобе, Казахстан, e-mail: muratovna.2025@gmail.com).

*Келіп түсті: 22 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 14 наурыз 2026 жыл*